

Сборник материалов конкурса научных работ студентов и магистрантов биолого-географического факультета КарУ им. Е. А. Букетова, 29-30.04.2024 г.

Министерство образования и науки Республики Казахстан

Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова

Биолого-географический факультет

**МАТЕРИАЛЫ**  
**конкурса научных работ студентов и**  
**магистрантов по естественным наукам**  
**биолого-географического факультета**

**29-30 апреля 2024 года**



Караганды – 2024

УДК 57.3:57.02

Материалы конкурса научных работ студентов и магистрантов по естественным наукам биолого-географического факультета. – Караганды: БГФ, 2024. – 45 с.

***Организационный комитет***

Талжанов С.А. (председатель), Нурлыбаева К.А. (заместитель председателя), Тлеукенова С.У., Ишмуратова М.Ю. (секретарь конференции), Жумина А.Г., Шайбек А.Ж., Қали А.Қ.

***Редакционная коллегия***

Талжанов С.А., Ишмуратова М.Ю., Нурлыбаева К.А.

**Абдрахман А.А.** – магистрант 2 курса, биолого-географический факультет, Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова  
Научный руководитель: к.б.н., ассоциированный профессор А.К. Қали

## **ОПТИМИЗАЦИЯ УСЛОВИЙ КРИОКОНСЕРВАЦИИ СЕМЯН АСТРЫ КУСТАРНИКОВОЙ**

Хранение семян – является сложным процессом, который должен обеспечивать их жизнеспособность. Сама сохранность семян зависит от ряда факторов, в том числе видовой принадлежности, строения, развитии эндосперма, погодных условий, зрелости и др.

Некоторые семена могут храниться достаточно долго, но часть – имеет весьма ограниченный срок хранения. У некоторых растений влияние ферментов – ингибиторов роста, – содержащихся в околоплодниках, прекращается сразу же после снятия плодов или ягод с растения, и в дальнейшем всхожесть семян не страдает, даже если они хранятся в неочищенном состоянии. Но у очень многих, если не сказать – большинства, растений хранение семян вместе с околоплодниками приводит к невозможной потере всхожести. При этом, чем дольше семена находились внутри мякоти при хранении, тем сильнее страдает всхожесть, вплоть до ее практически полной потери.

В мире достаточно много разработок, посвященных исследованию особенностей хранения семян и организации семенных банков для ряда культур. Прежде всего, это пищевые, кормовые, редких, исчезающие, лекарственные. Но практически нет работ по организации систем хранения для семян цветочно-декоративных растений.

Одним из перспективных направлений хранения многих видов растительной гермаплазмы является криоконсервация, то есть хранение при температуре сжиженного азота. Это помогает избежать старения семян, останавливает физиологические процессы в клетках, а также не дает патогенам оказать вредный эффект на хранящиеся семена.

Исходя из вышесказанного, нами выбран перспективный объект для исследования – анализ возможностей криоконсервации семян цветочных культур, в частности, астры кустарниковой.

*Цель работы* – отработать условия криоконсервации семян цветочной культуры – астры кустарниковой.

*Методика.* Семена делили на партии согласно планов экспериментов и упаковывали в 2 вида тары: пластиковые пробирки КриоЛаб и пакетики из фольги. Замораживания проводили в сосудах Дюара МБС в жидком азоте. После замораживания семена проращивали на чашках Петри, оценивая всхожесть и энергию прорастания [1-4].

Размораживания семян проводили 3мя способами:

-при комнатной температуре (+20-22°C);

-на водяной бане (+40°C);

-ступенчато: 30 минут в парах жидкого азота, 30 минут в морозильной камере, 30 минут в холодильнике, 30 минут при комнатной температуре.

Для определения возможности повышения сохранности семян применяли криопротекторы глицерин, сахарозы и глюкозу в концентрации от 10 до 40%.

### **Результаты.**

В процессе хранения у любых семян происходит постепенное снижение всхожести. Было установлено, что начальная всхожесть семян астры составляла 65%, энергия прорастания 56% (рис. 1).




Рисунок 1. Динамика всхожести (А) и энергии прорастания семян (Б) астры кустарниковой в процессе хранения: 1 – свежесобранные семена, 2 – 3 месяца, 3 – 6 месяцев, 4 – 9 месяцев, 5 – 12 месяцев, 6 – 1,5 года, 7 – 2 года, 8 – 3 года

В процессе хранения наблюдается постепенное снижение всхожести. Так, через 1,5 года показатель всхожести семян 38,5%, после 2-х лет хранения данные показатели составили 35,40%. После 3-х лет всхожесть упала до 25,6%, а энергия прорастания – до 20,0%.

Таким образом, мы наблюдаем, что семена в течение 3-х лет значительно теряет всхожесть, что ставит вопрос об оптимизации их длительного хранения.

Итоги нашего эксперимента показали, что во всех вариантах опыта всхожесть семян после криозамораживания была выше, чем в контрольном варианте.

Для семян астры кустарниковой лучшие показатели получены на фоне применения пластиковой тары и ступенчатого размораживания (табл. 1). В опыты были использованы семена после 2,5 лет хранения. Контролем выступали семена, которые помещали в сосуды Дюара без добавления криопротекторов.

Таблица 1. Всхожесть семян астры кустарниковой при разных режимах криоконсервации

Вариант опыта	Всхожесть семян, %	Энергия прорастания, %
Контроль, без криоконсервации	34,5±0,5	29,4±0,6
Замораживание в фольге, размораживание на водяной бане	41,6±0,9	31,5±1,2
Замораживание в фольге, размораживание при комнатной температуре	50,0±1,5	45,0±1,0

Замораживание в фольге, ступенчатое размораживание	56,8±2,3	50,4±2,2
Замораживание в пластиковой таре, размораживание при комнатной температуре	61,7±1,6	55,7±1,3
Замораживание в пластиковой таре, размораживание на водяной бане	53,3±1,4	45,2±1,0
Замораживание в пластиковой таре, размораживание ступенчатое	68,2±3,0	60,7±2,9

Так, все варианты тары из фольги были менее эффективны, чем применение пластиковых пробирок. Лучшие варианты всхожести и энергии прорастания получены на фоне ступенчатого оттаивания.

Таким образом, для семян астры кустарниковой можно применять для организации криоконсервации пластиковую тару и ступенчатое оттаивание.

В наших экспериментах применены криопротекторы: водные растворы сахарозы, глюкозы и глицерина.

Результаты показали, что семенной материал астры кустарниковой и бархатцев высоких успешно выдерживает действия всех трех типов криопротекторов. При этом самые высокие показатели всхожести семян отмечены в варианте с использованием глицерина в концентрации 40% - 65,4 % (табл. 2).

Контролем служил семенной материал, которые замораживали без использования криопротекторов. Выявлено, что не все криопротекторы оказались эффективными, с некоторыми вариантами всхожесть оказалась ниже контроля.

Таблица 2. Всхожесть семян астры кустарниковой в зависимости от типов криопротекторов

Вариант опыта	Всхожесть, %	Энергия прорастания, %
Контроль	61,7±1,6	58,3±2,2
Глицерин, водный раствор 10 %	55,6±2,2	50,0±2,3
Глицерин, водный раствор 20 %	59,0±2,0	48,9±1,7
Глицерин, водный раствор 40 %	65,4±2,0	60,5±2,2
Сахароза, водный раствор 10 %	60,4±3,5	50,7±3,1
Сахароза, водный раствор 20%	61,2±2,7	58,6±3,2
Сахароза, водный раствор 40%	61,9±3,0	59,0±2,4
Глюкоза, водный раствор, 10%	60,5±1,1	55,2±2,3
Глюкоза, водный раствор, 20%	62,8±2,8	50,4±1,9
Глюкоза, водный раствор, 40%	64,2±2,6	60,7±3,5

Результаты опытов позволили определить, что лучшая всхожесть зафиксирована на фоне глицерина в концентрации 65,4%.

**Выводы.** Таким образом, при криоконсервации семян астры кустарниковой необходимо использовать пластиковую тару, ступенчатое оттаивание, а также можно рекомендовать применение глицерина 40%, для семян бархатцев – глюкоза 40%.

**Литература:**

1 Филипенко Г.И. Развитие системы низкотемпературного хранения и криоконсервации генофонда растений в ВИР им. Н.И.Вавилова // Труды по прикл. ботанике, генетике и селекции. – 2007. – Т. 164. – С. 263-272.

2 Genebank standards for Plant Genetic Resources for Food and Agriculture. – Rome: FAO, 2014. – 182 p.

3 Зорина М.С., Кабанов С.П. Определение семенной продуктивности и качества семян интродуцентов // Методики интродукционных исследований в Казахстане / Сб.науч.тр. - Алма-Ата: Наука, 1986. - С. 75-85.

4 Сведенцов Е. П. Криоконсерванты для живых клеток. - Сыктывкар, 2010. - 80 с.

**Андреева Т.М.**, Медицинский университет Караганды, Школа Биомедицины  
**Ораз М.**, Медицинский университет Караганды, Школа Фармации, гр.-  
20008 студент  
Научный руководитель: ассоциированный профессор Г.А. Абдулина

## **АНТИБАКТЕРИАЛЬНАЯ АКТИВНОСТЬ ДЕГТЯРНОГО, ХОЗЯЙСТВЕННОГО МЫЛА, АНТИСЕПТИКА**

В условиях пандемия covid-19 мир столкнулся с новой реальностью и личная гигиена, в том числе гигиена рук является критерием безопасности. [1,2]. ВОЗ (2019) настоятельно рекомендует рационально использовать персональные антисептики [3]. Применение антисептиков в суббактерицидной дозе может включить адаптационные механизмы микроорганизмов и привести к распространению их устойчивости к противомикробным препаратам [4, с.14]. Супердоза антисептика включает многочисленные побочные действия, которые могут сказаться на резистентности кожных покровов [5, с 167]. Мыло, обладая антибактериальной активностью, в то же время натуральный продукт. Рациональное применение мыла с доказанной антибактериальной активностью могло бы ограничить применение антисептиков с целью соблюдения личной гигиены в быту.

**Цель:** определить антимикробную активность дегтярного и хозяйственного мыла на музейных штаммах: *E.coli*, *B.subtilis* и *S.aureus*, а также выполнить исследования по изучению антибактериальной активности наиболее эффективного мыла в сравнении с антисептиком.

**Для достижения цели были поставлены следующие задачи:**

- Определить МИС, МБС дегтярного и хозяйственного мыла на музейных штаммах: *S. aureus* ATCC6538; *E. coli* ATCC25922 ;*B. subtilis* ATCC6533.
- По результатам скрининга выбрать варианта мыла для обработки рук и сравнить с антисептиком
- Дать научно-обоснованные рекомендации по соблюдению гигиены рук

**Материал и методы:** Для исследования использовались твердые – хозяйственное и дегтярное мыло производства «Аист». Определение антибактериальной активности на тест штаммах методом серийных разведений. Определение микрофлоры подушечек пальцев руки методом отпечатков. Определение микрофлоры ногтевых пластин методом смывов.


2. Статистический анализ по Стьюденту.

**Результаты исследований**

Таблица 1- Минимальная ингибирующая концентрация (МИК), минимальная бактерицидная концентрация (МБК) хозяйственного и дегтярного мыла на тест штаммах микроорганизмов

Штаммы микроорганизмов	Хозяйственное мыло		Дегтярноемыло	
	МИК	МБК	МИК(	МБК
<i>S. aureus</i> ATCC6538	0,00625	0,0125	0,0125	0,025
<i>E. coli</i> ATCC25922	0,00625	0,0125	0,025	0,05
<i>B.subtilis</i> ATCC6533	0,0125 г/мл	0,025	0,025	0,05

По результатам исследования МПС и МВС мыла видно, что МПС и МВС хозяйственного мыла меньше в сравнении с аналогичными показателями дегтярного мыла: в отношении *Staphylococcus aureus* и *Bacillus subtilis* меньше в 2 раза, в отношении *Escherichia coli* меньше в 4 раза. Что говорит о лучших антибактериальных свойствах хозяйственного мыла относительно дегтярного мыла, что противоречит литературным данным [6, с.67].



Рмс.1 Сравнение бактерицидного индекса хозяйственного мыла и антисептика «AkmaSEPT»

Бактерицидный индекс хозяйственного мыла ниже чем бактерицидный индекс антисептика. (рис.1). как по результатам отпечатков на мясопептонном агаре (МПА) ниже на 10,2%, также на среде Чистович для стафилококков – ниже на 31,4%. Таким образом хозяйственное мыло обладает антимикробными свойствами, но оно менее эффективно чем антисептик, особенно в отношении стафилококков. Аналогичные результаты получены при исследовании смывов с ногтевых пластин на МПА, установлено, что среднее значение бактерицидного индекса антисептика «AkmaSEPT» равно – 84%, а хозяйственного мыла – 80,6 %.

#### **Выводы:**

1. Антимикробная активность хозяйственного мыла по результатам (МПК, МБК) была выше в сравнении с дегтярным мылом,
2. При обработке рук хозяйственное мыло было менее эффективнее чем антисептик, особенно низкая эффективность в отношении стафилококков (БИ-61,2%) в сравнении с антисептиком (БИ-92,6%),
3. Обработка рук хозяйственным мылом способствует удалению микроорганизмов, однако в эпидемический период хозяйственное мыло не может заменить полностью антисептик

#### **Список использованной литературы:**

1. Hand hygiene during the spread of COVID-19: a cross-sectional study of awareness and practices among academic institutions in Lebanon Published online 2024 Jan 5. doi: 10.3389/fpubh.2023.1256433
2. Purnima Gupta Bhoi, Dr. Swati Mishra, Nilakantha Bhoi / Hand hygiene to prevent health care-associated infections and its relevance to prevent covid-19 / Suresh Gyan Vihar University International Journal Of Economics And Management, Volume 8 Issue 4, 2020
3. Rational use of personal protective equipment for coronavirus disease (COVID-19) and considerations during severe shortages/ 6 April 2020/ World Health Organization.



4. Boyce, J.M. Quaternary ammonium disinfectants and antiseptics: tolerance, resistance and potential impact on antibiotic resistance. *Antimicrob Resist Infect Control* 12, 32 (2023). <https://doi.org/10.1186/s13756-023-01241-z><https://aricjournal.biomedcentral.com> > ...

5. Whiting C, Abdel Azim S, Friedman A. The Skin Microbiome and its Significance for Dermatologists. *Am J Clin Dermatol*. 2024 Mar;25(2):169-177. doi: 10.1007/s40257-023-00842-z. Epub 2024 Jan 22. PMID: 38252188.

6. Яргин С.В. Препараты дегтя и ихтиола: о перспективах использования // Главврач Юга России. 2015. №4 (46). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/preparaty-degtya-i-ichtiola-o-perspektivah-ispolzovaniya> (дата обращения: 09.04.2024).

**Жаксыбай Д.Ғ.**, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, биология-география факультеті, ГН-20-1к тобы студент  
*Ғылыми жетекші:* География кафедрасының аға оқытушысы Кенжина К.Д.

## **УРБАНДАЛҒАН АУДАННЫҢ ШУМЕН ЛАСТАНУЫН ГЕОЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ (ҚАРАҒАНДЫ Қ. МЫСАЛЫНДА)**

Дыбыстар- қоршаған ортада энергияны акустикалық толқын ретінде тарататын көздіңтербелісінен туындайтын күрделі физикалық құбылыстар. Дыбыстардың физикалық қасиеттерінің оң немесе теріс болып бағалануы тікелей тыңдаушы көзқарасына байланысты. Қажет емес дыбыстар шу деп аталады. Ал шу тым қатты және тым ұзаққа созылса, ол шумен ластануға айналады.[1] Атмосфераның, судың және топырақтың ластануы, радиация, сондай-ақ табиғи ландшафттардың бұзылуы сияқты урбандалудың қарқынды үдерісінен туындаған көптеген мәселелердің ішінде акустикалық (шу) ластану мәселесі қазірде ерекше назар аударуды қажет етеді. Бұл қалалық қоршаған ортаның басқа аспектілері арасында физикалық ластанудың ең кең таралған түріне айналууда.

Шу- бұл тек қажетсіз дыбыс ғана емес, сонымен қатар адамның физикалық және психикалық денсаулығына теріс әсер ететін фактор. Зерттеушілердің пікірінше 90-100 дБ-ден жоғары шу ішкі құлаққа зақым келтіреді. Бұл есту қабілетінің жоғалуына және құлақтың шырылдауына алып келеді. Ал 50-60 дБ-ге дейінгі төмен деңгейдегі шу сөйлесу кезінде, күнделікті іс-әрекетке және ұйқыға кедергі келтіріп, тітіркену мен психикалық стресс пайда болады. Шудың тұрақты және ұзақ әсер етуі стресс гормондарының деңгейінің жоғарылауымен, жоғары қысыммен және жүрек соғысының жиілігімен сипатталатын патофизиологиялық жағдайдың дамуына әкелуі мүмкін. Ұзақ мерзімді стрессте гипертония, жүректің ишемиялық ауруы, жүрек жеткіліксіздігі сияқты жүрек-қан тамырлары аурулары мен депрессия, мазасыздық сияқты психикалық бұзылулар пайда болады.[2]

Қазіргі қалалық ортада шудың ластануы негізінен теміржол пойыздары, ұшақтар, сондай-ақ құрылыс жұмыстары, өндірістік зауыттар, көлік дабылдары сияқты әртүрлі көздерден туындайды. Шу көздерінің ішіндекөлік құралдары шығаратын шу жетекші болып табылады. Сондықтан зерттеу жұмыстары Қарағанды қаласының жол учаскелерінің бірнеше белгіленген нүктелерінде жүргізілді. Зерттеу нүктелері ретінде мына көшелерге іргелес аумақтар алынды:

Университет көшесі (49.77178° 73.126086°)

Сарыарқа көшесі (49.784994° 73.134065°)

Құрылысшылар даңғылы (49.770364° 73.146462°)

Зерттелетін нысандар стандартқа сәйкес көлік құралдарының белгіленген жылдамдықтары бар көшелер мен жолдардың учаскелерінде және қиылыстардан, көлік аймақтарынан, жолаушылар қоғамдық аялдамаларынан кемінде 50 метр қашықтықтан таңдалды [3]. Өлшем жүргізу барысында МемСт 20444-85 "Шу. Көлік ағындары. Шу өнімділігін өлшеу әдістеріне" сүйендік. Ал өлшеу үшін "RZ1359" шу деңгейінің өлшегіші қолданылды. Аппараттық құрал шу өлшегішпен де, смартфонға арналған қосымшамен де ұсынылуы мүмкін. Зерттеу барысында "Sound meter" калибрленген смартфонға қосымша қолданылды, өндіруші: ExaMobile S. A. Өлшемдер аудан ішінен жоғарыда көрсетілген үш аймақта 2023 жылдың күз және қыс мезгілінде, көшелер мен автомобиль жолдарының жүру бөлігінің беті таза және құрғақ болған жағдайда жүргізілді. Ал өлшеу уақыты ретінде зерттеу нысандары маңынан ең көп көлік саны мен ең көп адам саны тіркелген уақыты алынды. Мемлекеттік стандартта берілген талаптарға сай өлшеу атмосфералық жауын-шашын кезінде, желдің жылдамдығы 5 м/с-тан асқан кезде жүргізілмеді және желдің жылдамдығы 1-ден 5 м/с жоғары болған

кезде өлшеу микрофонын желден қорғау үшін арнайы қорғаныс қалпағы қолданылды. Сонымен қатар, шу өлшегіш құралдың микрофоны қозғалыс ағынына қарай бағытталса, өлшеу жүргізген зерттеуші өлшеу микрофонынан кемінде 0,5 м қашықтықта болды.

Өлшеу барысында автокөліктерді, мотоциклдерді, сондай-ақ троллейбустар мен трамвайларды қамтуы мүмкін көлік ағынының шу сипаттамаларын өлшеу кезеңі екі бағытта да кемінде 200 көлік бірлігінің өтуін қамту керектігі ескерілді. Стандартқа сәйкес шу деңгейлерін санау арасындағы аралық 2 не 3 секундтан болуы тиіс. Бұл зерттеу жұмысында шу деңгейі 15 минутта әр 3 секунд сайын өлшенді. Сонымен қатар, көлік ағынының шу сипаттамаларын өлшеумен бір мезгілде оның құрамы мен қозғалыс қарқындылығы да анықталды.(кесте 1,2).

Кесте 1- Күз мезгілінде өлшеу барысында тіркелген көлік ағынының құрамы


Зерттеу нысаны	Зерттеу күні	Жеңіл көліктер	Жүк көліктері	Автобустар	Көліктің жалпы саны
Университет көшесі	Жұмыс күні	385	36	23	444
	Демалыс күні	381	32	24	437
Сарыарқа көшесі	Жұмыс күні	374	21	10	405
	Демалыс күні	448	16	12	476
Құрылысшылар даңғылы	Жұмыс күні	310	24	15	349
	Демалыс күні	307	19	19	345

Кесте 2- Қыс мезгілінде өлшеу барысында тіркелген көлік ағынының құрамы

Зерттеу нысаны	Зерттеу күні	Жеңіл көліктер	Жүк көліктері	Автобустар	Көліктің жалпы саны
Университет көшесі	Жұмыс күні	389	29	19	437
	Демалыс күні	350	11	19	380
Сарыарқа көшесі	Жұмыс күні	376	10	8	394
	Демалыс күні	420	7	6	433
Құрылысшылар даңғылы	Жұмыс күні	287	19	20	326
	Демалыс күні	245	14	13	272


Зерттеу нәтижесіне сәйкес күз айында Университет көшесіне іргелес аумақта шудың ең жоғары деңгейі анықталды (сурет 1). Жұмыс күні бұл көрсеткіш 82 дБА-ге жетті, ал демалыс күні 79 дБА-ге дейін төмендеді. Сонымен қатар, жұмыс күні 71 дБА және демалыс күні 72 дБА-ге жететін жоғары баламалы шу деңгейі анықталды. Өлшеу барысында тіркелген көлік құралдарының жалпы саны жұмыс күні 362, ал демалыс күні 444 көлік түрін құрады. Анықталған шу деңгейлері «Адамға әсер ететін физикалық факторлардың гигиеналық нормативтерін бекіту туралы» заңында рұқсат етілетін дыбыс деңгейлерінен асады.[4] Бұл зерттеу нүктесіне іргелес Е.А.Бөкетов

атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті орналасқан. Нормадан асатын шу деңгейлері студенттерге дәрістер тыңдауда, өзіндік жұмыстар орындау кезінде ыңғайсыздық тудырады. Бұл оқу процесінің сапасына кері әсерін тигізіп, оқу тиімділігі мен ақпаратты қабылдауды төмендетуі мүмкін.



Сурет 1. Күз мезгілінде жүргізілген зерттеу жұмыстары нәтижесі

Қыс айында алынған деректер бойынша жұмыс күні ең жоғары дыбыс деңгейі Құрылысшылар даңғылында тіркелген (сурет 2). Бұл зерттеу нысанына іргелес №5 Қалалық емхана орналасқан. Ең жоғары дыбыс деңгейі рұқсат етілген нормадан 9 дБА-ге асып түсті. Ал тіркелген көлік құралдарының ішінде ең көп үлес жеңіл көліктерге тиесілі (88,8%). Нормадан асқан дыбыс деңгейі медициналық ортадағы жалпы денсаулық пен жайлылыққа теріс әсер ететін қосымша факторларды тудырады. Пациенттер үшін тыныш, қолайлы атмосфераны қамтамасыз етуде қиындықтар туғызып, медициналық көмекке жүгінетін адамдар үшін қосымша стресс пен ыңғайсыздыққа әкеледі. Сонымен қатар, медициналық персоналдардың диагностикалық процедураларды жүргізуде, пациенттермен қарым-қатынаста қиындықтар туғызып, көрсетілетін медициналық тиімділігі мен сапасына әсер етеді.



Сурет 2. Қыс мезгілінде жүргізілген зерттеу жұмыстары нәтижесі

Сонымен қатар, қыс маусымында жүргізілген зерттеу жұмыстары кезінде демалыс күні балама және ең жоғары шу деңгейі Сарыарқа көшесінде тіркелген. Тіркелген балама шу деңгейі берілген нормадан 15 дБА, ал ең жоғары шу деңгейі 6 дБА- ге асып түсті. Таңдалған зерттеу нысанынан небәрі 50 метр қашықтықта Жеңіс саябағы орналасқан. Табиғат бұрышына жақын аймақта шу деңгейінің берілген нормадан шамадан тыс асуы саябаққа келушілердің жалпы эмоционалды жағдайына теріс әсер етеді. Шу, әсіресе көп мөлшерде, демалу сапасын төмендетеді, табиғи атмосферадан ләззат алу мүмкіндігін азайтады.

Қорытындылай келе, 2023 жылдың күз және қыс мезгілінде жүргізілген зерттеу нәтижелеріне сәйкес таңдалған барлық нысанда «Адамға әсер ететін физикалық факторлардың гигиеналық нормативтерін бекіту туралы» заңында рұқсат етілетін дыбыс деңгейлерінен асады. Бұл Қарағанды қаласының тұрғындарының денсаулығы мен жалпы әл-ауқатына теріс әсер ететін ластану түріне тап болғанын көрсетеді. Сонымен қатар шу деңгейін төмендету үшін шұғыл шаралар қабылдау және тыныш, сау қалалық ортаны құруға бағытталған саясатты құрудың маңыздылығын көрсетеді.

Бүгінгі таңда шудың деңгейін төмендетуге бағытталған бірқатар әдістер бар. Шудан қорғаудың заманауи әдістерінің бірі-автомобиль жолдарының бойында шуды сіңіретін экрандарды орнату. Бұл экрандар әдетте дыбыс толқындарының тұрғын немесе қоғамдық аймақтарға жеткенге дейін сіңіруге және таратуға қабілетті арнайы материалдардан жасалады. Акустикалық экрандарды орнату жеңіл мен жүк көліктері сияқты көлік түрлерінен шығатын шудың тұрғын үй мен рекреациялық аймақтарға енуін азайтатын тосқауыл жасауға көмектеседі. Тағы бір тиімді әдіс-қоршаған ортаны эстетикалық безендіруді қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар дыбыстық толқындарды одан әрі сіңіріп, таратып, тыныш және жағымды атмосфераны құруға ықпал ететін жасыл кеңістіктерді пайдалану. Өсімдіктердің тәждері шу тербелістерінің таралуын бәсеңдететін табиғи тосқауыл ретінде қызмет етеді. Қыста жапырақсыз болса да, жасыл кеңістіктер шуды азайту қабілетін сақтайды, ал оларды жауып тұрған қар дыбыстық энергияны сіңіру үшін қосымша кеуекті материал ретінде қызмет етеді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Программа ООН по окружающей среде (2022 г.). «Передовые рубежи», 2022 г. «Шум, пламя и перекосы: актуальные экологические проблемы». Найроби.
2. <https://www.the-scientist.com/features/how-environmental-noise-harms-the-cardiovascular-system-68786>
3. ГОСТ 20444-85 Шум. Транспортные потоки. Методы измерения шумовой характеристики
- 4 <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026831>

**Жубатханов Д.К.** – магистрант 2 курса, биолого-географический факультет, Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова  
Научный руководитель: к.б.н., ассоциированный профессор А.К. Қали

## **ПРИМЕНЕНИЕ ФИЗИЧЕСКИХ МЕТОДОВ АКТИВАЦИИ ПРОРАСТАНИЯ ПОСЛЕ КРИОКОНСЕРВАЦИИ СЕМЯН ПОДОРОЖНИКА ЛАНЦЕТНОГО**

Сохранение биологического разнообразия растений входит в один из вопросов ратифицированной Казахстаном Конвенции и биологическом разнообразии. Угроза потери его связана с вымиранием видов, сокращением природных мест обитания.

В первую очередь необходимо сохранять генетический потенциал видов, организовывать полевые и семенные банки, коллекции живых растений. Стоит отметить, что самым недорогим и эффективным методом является создание семенных банков. Семена не требуют больших пространств для хранения, сложного оборудования, их хранение не зависит от погодных условий.

Но есть сложности с отдельными видами, что объясняется ограниченностью жизнеспособности семян, требованием регулярности обновления.

Для решения данного аспекта во всем мире пошли по пути создания криобанков семян, пыльцевых зерен, меристем, каллусных культур, почек и других растительных объектов.

Низкие температуры, особенно паров жидкого азота, или сжиженного азота, останавливают физиологические процессы в семенах, так дыхание, накопление продуктов метаболизма, что создает условия практически неограниченного по времени хранения.

После длительного хранения могут возникать проблемы ухода семян в глубокий физиологический покой, что требует организации системы дополнительной обработки перед посевом. Чаще применяют регуляторы роста, растительные гормоны, витамины, смеси разных веществ.

В последние годы применяют и физические методы обработки, как скарификация, барботирование, применение магнитов, когерентного облучения и другие.

Для наших исследований был выбран подорожник ланцетный, который обладает лекарственными свойствами и может стать успешным заменителем сырья фармакопейного вида – подорожник большой, запасы которого в природе ограничены, а культура отсутствует.

Цель настоящего исследования – провести апробацию физических методов активации прорастания после хранения семян подорожника ланцетного в жидком азоте.

### **Методика.**

Объект исследования семенной материал подорожника ланцетного (*Plantago lanceolata* L.) – многолетнее травянистое растение [1]. Растет по влажным и сухим почвам, занимая луговые и степные территории. Хранение семян вели в сосуде Дьюара в течение 6 месяцев.

В качестве физических методов [2] испытано барботирование в течение 12 и 24 часов сжатым воздухом в водной среде. В качестве насоса использовали аквариумный.

Семена после всех вариантов опыта проверяли на всхожесть и энергию прорастания. Семена высевали на чашки Петри, подложка – из фильтровальной бумаги [3, 4], увлажнение – вода дистиллированная.

### **Результаты.**

Полученные результаты показали, что оба варианта физической обработки были выше контрольных показателей всхожести и энергии прорастания (табл. 1, рис. 1).

Таблица 1. Всхожесть семян подорожника ланцетного после криоконсервации в зависимости от времени барботирования

Вариант опыта	Всхожесть, %	Энергия прорастания, %
Контроль (вода)	54,5±1,1	50,2±0,9
Барботирование 12 часов	65,4±3,0	62,8±3,0
Барботирование 24 часа	69,3±2,7	64,8±2,2




Рисунок 1. Зависимость жизнеспособности семян подорожника ланцетного от продолжительности барботирования

В итоге, лучшие варианты получены для применения барботирования в течение суток.

#### Литература:

- 1 Флора Казахстана. Т. 4. – Алма-Ата: Наука, 1960. – С. 245-480.
- 2 Basra A.S. Handbook of seed science and technology. - Binghamton: Haworth Press, 2006. - 235 p.
- 3 Зорина М.С., Кабанов С.П. Определение семенной продуктивности и качества семян интродуцентов // В сб. Методики интродукционных исследований в Казахстане. – Алма-Ата: Наука, 1986. - С. 75-85.
- 4 Бахчевников О.Н., Брагинцев А.В., Нозимов К.Ш. Перспективные физические методы стимулирования прорастания семян (обзор) // Достижения науки и техники АПК. Секция Земледелие и растениеводство. – 2022. - № 7(36). – С. 56-66.





**Ниханбаева Ә.Қ.** Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, биология-география факультеті, Ги-20-1к, студент  
*Ғылыми жетекші – аға оқытушы Абиева Г.Б.*

## **ГЕОГРАФИЯЛЫҚ НОМЕНКЛАТУРАНЫ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ**

География-оқушыларда адам планетасы ретінде жер туралы тұтас, жан-жақты, жүйелі түсінік қалыптастыратын дүниетанымдық сипаттағы жалғыз мектеп пәні. Оқушыларды дайындауда негізгі, нақты, тұжырымдамалық материалды білу де, географиялық ақпаратпен жұмыс істеу, танымдық, проблемалық мәселелерді шешу үшін білімді қолдану мүмкіндігі де бірдей маңызды. География курсының міндетті минималды мазмұнының құрылымының бір бөлігі географиялық номенклатура болып табылады. Оқушы мектеп бағдарламасының көлемінде географиялық номенклатураны басшылыққа алуы керек.

Географиялық номенклатура (топонимия) - материктер мен мұхиттардың физикалық географиясы курсының ажырамас бөлігі. Географиялық атаулар (топонимдер) табиғи құбылыстарды кеңістіктік байланыстыру үшін материалды ұсынуда қолданылады, географиялық заңдылықтарды мысалдар ретінде келтірілген және тәуелсіз ұғымдар ретінде қарастырылады (Сахара, Гоби және т.б.). Топонимдердің тәрбиелік және танымдық рөлі белгілі. Қоғамдық өмірдің көптеген тарихи фактілері мен қазіргі оқиғаларын біз географиялық атаулар арқылы қабылдаймыз, олардың қоры біздің тілімізде үнемі өсіп отырады. Географиялық номенклатураны еркін меңгеру мұғалімнің біліктілігінің жоғары деңгейін сипаттайды.

Елдердің, қалалардың, өзендердің, таулардың және басқа да географиялық ерекшеліктердің көптеген атауларын қамтитын географиялық номенклатураны зерттеу көбінесе тез жалықтыратын және монотонды процесс болып көрінуі мүмкін. Дегенмен, географиялық номенклатурамен жұмыс істеу кезінде ойын формаларын пайдалану бұл процесті өзгерте алады, бұл оны қызықты және тиімді етеді. Географиялық үстел ойындары қызықты ойын-сауық қана емес, сонымен қатар географиялық номенклатураны зерттеудің тиімді әдісі болып табылады. Мұндай ойындар көбінесе нақты географиялық карталар мен фактілерге негізделген, бұл оқушыларға әлемнің әртүрлі аймақтарының орналасқан жері мен атауларын елестетуге және есте сақтауға мүмкіндік береді. Мысалы, "тәуекел" ойыны ойыншылардан географиялық факторларға негізделген соғыс қимылдарын жоспарлауды талап етеді, ал "балаларға арналған география" немесе "білім дөңгелегі" сияқты ойындар география туралы сұрақтарға жауап беруді қажет ететін білім беру тәсілін ұсынады. Географиялық үстел ойындары топта өзара әрекеттесу дағдыларын дамытады, географиялық номенклатура туралы білімді жақсартады және отбасылық немесе мектеп шеңберінде уақыт өткізудің тамаша тәсілі бола алады. Интернет-технологияның дамуымен географиялық номенклатураны оқыту үшін арнайы жасалған көптеген интерактивті онлайн ойындар пайда болды. Бұл ойындар компьютерде де, мобильді құрылғыларда да қол жетімді болуы мүмкін, бұл оларды әртүрлі жағдайларда қолдануға ыңғайлы етеді. Олар әртүрлі форматтарды ұсынады, соның ішінде викторина ойындары, басқатырғыштар, географиялық тесттер және басқалар.

Интерактивті онлайн ойындардың бірқатар артықшылықтары бар. Біріншіден, олар оқушыларға географиялық номенклатураны интерактивті және қызықты түрде үйренуге мүмкіндік береді, бұл материалды тереңірек игеруге ықпал етеді. Екіншіден, бұл ойындардың көпшілігі оқушыларды жақсы нәтижелерге қол жеткізуге және оқуды жалғастыруға ынталандыратын кері байланыс береді. Үшіншіден, интерактивті ойындар әдетте әр түрлі қиындық деңгейлерін ұсынады және әр оқушының жеке қажеттіліктері мен дағдыларына бейімделеді. Мұндай ойындардың мысалдарына

"GeoGuessr" жатады, мұнда ойыншылардан виртуалды карта кескініне негізделген орынды болжау сұралады немесе елдерді, астаналарды, өзендерді, тауларды және басқа географиялық нысандарды зерттеуге арналған географиялық жаттығулар мен ойындардың кең ауқымын ұсынатын "Seterra" кіреді. Интерактивті онлайн ойындарды пайдалану оқушыларды географиялық номенклатураны үйрену процесіне тартудың және оны қызықты әрі өнімді етудің тиімді жолы болып табылады.

Сабақтағы қызықты жаттығулар мен тапсырмалар үшін әртүрлі сандық ресурстарды әлемдік карта бойынша сайттар, электрондық қосымшалар жеткілікті мысалы, LearningApps.org бағдарламасын, Seterra сайты секілді қосымшаларды пайдалануға болады.

Seterra-бұл әлемнің барлық елдерінің аумақтары мен көрікті жерлері туралы карталары мен мыңдаған викториналары бар онлайн-викторина. Бұл онлайн ойынды GeoGuessr 2016 жылы әзірледі және тез арада жылдың көрнекті басқатырғыштарының біріне айналды. Көптеген жылдар бойы дамығаннан кейін GeoGuessr ойыны әлі де ең жақсы онлайн ойындардың рейтингінде. Атап айтқанда, ай сайын 90 000-нан астам пайдаланушы жинайды.

Қосымшада әртүрлі географиялық нысандарды жасыратын тапсырмалар бар және оларды картада түрту арқылы көрсете аласыз. Әрбір дұрыс жауап үшін сіз ұпай аласыз. Алайда, жиналған ұпайлар саны талпыныстар санына байланысты болады. Мысалы, егер сіз бірінші әрекетте дұрыс орынды таңдасаңыз, сіз 10 ұпай аласыз. Дегенмен, екінші әрекет үшін тек 5 ұпай және үшінші әрекет үшін 0 ұпай алуға болады. 3 әрекеттен кейін қосымша сізге дұрыс жауапты көрсетеді. Келесі жұмбақтарға өту үшін қосымшаның нұсқауларын орындау арқылы өтуге болады. Ұпай айырмашылығынан басқа, түс айырмашылығын да көруге болады. Егер сіз бірінші әрекетте дұрыс белгілесеніз, сол аумақтың түсі ақ болады. Екінші әрекетте сіз жауапты сары түспен, ал кәте жауаптарды қызыл түспен көресіз (1-сурет).



а) тапсырма



ә) жауабы

За, ә-сурет. GeoGuessr бағдарламасы арқылы жасырылған нысанды табу

Әрине, бұл географиялық карталармен жұмыс жасау кезінде сабақта қолданатын барлық ойындар емес. Ең бастысы, әр география сабағында картамен жұмыс істеуге уақыт бөлу керек. Тақтадағы оқушы әрдайым географиялық карта берген ақпаратқа – атлас картасына сүйене отырып жауап беруі маңызды. Оқушы, шын мәнінде, жер туралы негізгі ғылымның - географияның тірі және сөйлейтін серігі болып табылатын картаға сүйенбестен сабақта жауапты елестетпеуі керек

#### Әдебиеттер:

1. Кан И.С. Использование ИКТ на уроках географии // Проблемы педагогики. Статья. 2015.
2. Шарыгин М.Д. Общественная география: контуры будущей науки // Географический вестник. 2014. №1 (28) С.20-28
3. Грибан О.Н. Использование новых информационных технологий в процессе обучения: опыт и перспективы // Педагогическое образование в России. 2014. №4 С.185-189.
4. <https://www.seterra.com/>

**Рахматова Альбина** – «Биомедицина» білім беру бағдарламасының 2 курс студенті, Қарағанды медицина университеті

**Сауранбек Айсұлу** – «Биомедицина» білім беру бағдарламасының 2 курс студенті, Қарағанды медицина университеті

*Ғылыми жетекшілері: Амирханова Ж.Т., Ахметова С.Б.*

## **ҰЛТТЫҚ СҮТҚЫШҚЫЛДЫ «ҚҰРТ» ӨНІМІНЕН БӨЛІНІП АЛЫНҒАН ЛАКТОБАЦИЛЛАЛАРДЫҢ АНТИМИКРОБТЫҚ ҚАСИЕТІН ЗЕРТТЕУ**

**Өзектілігі:** Сүтқышқылды бактериялар тобы туралы бұрыннан бері халық денсаулығын сақтау, түрлі этиологиядағы көптеген ауруларды емдеу мен оны алдын алу мақсатында қолдану мүмкіндігі жағынан отандық және шетел ғалымдардың зерттеулері өте көп, бірақ өзінің тәжірибелік құндылықтарына байланысты бұл бактериялар тобы ғалымдардың қызығушылығын әлі де тудыруда, оның ішінде лактобациллалар туралы айтып өткен жөн. Лактобациллалар органикалық қышқылдар (сүт, сірке қышқылдары), сутегі асқын тотығын және бактериоциндерді өндіру арқылы көптеген патогенді және шартты-патогенді микроағзалар үшін айқын антимикробтық белсенділік көрсететіні отандық және шетел ғылыми зерттеулерде дәлелденген [1-3]. Алайда, Қазақстанның нарығында сүтқышқылды өнімдерді өндіру үшін ашытқыларды шетелден әкеледі және шетелдік пробиотикалық препараттардың саны өте көп, осыған орай пробиотикалық қасиеттері бойынша белсенділігі жоғары пробиотикалық штаммдарды іздеу, бөліп алу, олардың биологиялық қасиеттерін зерттеу отандық микробиология ғылымының басты бағыттарының бірі болып табылады. Осыған орай, пробиотикалық қасиеттері бойынша белсенділігі жоғары пробиотикалық штаммдарды іздеу, бөліп алу, олардың биологиялық қасиеттерін зерттеу отандық микробиология ғылымының басты бағыттарының бірі болып табылады [4].

Жоғарыдағы пікірлерді ескере отырып, біз ауылдық жерде дәстүрлі тәсілмен дайындалған ұлттық сүтқышқылды өнім «құрттан» бөлініп алынған лактобациллалардың антимикробтық қасиетін *in vitro* жағдайда зерттеу біздің қызығушылығымызды тудырды және осы бағытта жұмысымызды жалғастырудамыз.

**Жұмыстың мақсаты:** Ұлттық сүтқышқылды «құрт» өнімінен бөлініп алынған лактобациллалардың антимикробтық белсенділікке ие изоляттарын іріктеу.

**Зерттеу материалы мен әдістері:** Зерттеуге еліміздің әртүрлі өңірінен дәстүрлі тәсілмен үй жағдайында қолдан жасалған 20 сүтқышқылды «құрт» өнімі алынды. Зерттеу барысында: бактериологиялық зерттеу әдістері (лактобациллалардың таза дақылын бөліп алу), микроскопиялық зерттеу әдісі (Грам әдісі арқылы бояу, сәулелі микроскопта микроскопиялау) [5-6], *MALDI-TOF* масс-спектрометрия әдісі (бөлініп алынған таза дақылдарды идентификациялау) [7] қолданылды және антимикробтық белсенділігін анықтау үшін қайтымсыз антагонизм әдісі (*отсроченный антагонизм*) арқылы жүргізілді [8]. Зерттеуге тест-штаммдар қолданылды: *Staphylococcus aureus* ATCC-6538; *Escherichia coli* ATCC-25922; *Bacillus subtilis* ATCC-6633; *Candida albicans* ATCC-885-653 (*КеАҚ Қарағанды медицина университетінің биомедицина кафедрасының музейлік штаммдары*).

Үлгілердің микробқа қарсы белсенділігін тест-штаммдарының (мм) өсуінің тежелу аймақтарының диаметрі бойынша бағаланды. Өсудің тежелу аймақтарының диаметрі 10 мм-ден аз және жаппай өсім болса - бактерияға қарсы белсенділіктің болмауы, 10-15 мм – әлсіз белсенділік, 15-20 мм – орташа айқын белсенділік, 20 мм – ден жоғары-айқын деп бағаланды. Әр үлгі тәжірибеде үш рет сыналды.

**Нәтиже:** Зерттеу нәтижесі қорытындылай келе, 20 ұлттық сүтқышқылды «құрт» өнімінен лактобацилланың 12 изоляты бөлініп алынды, морфологиялық-дақылдық қасиеті бойынша және *MALDI-TOF* масс-спектрометрияда идентификациялау

нәтижесіне сәйкес олар келесі түр өкілдеріне жатқызылды: *L. rhamnosus* (5 изолят), *L. plantarum* (1 изолят), *L. paracasei* (4 изолят), *L. fermentum* (1 изолят), *L. acidophilus* (1 изолят).

Микроағзалардың ақуыз профиліне байланысты идентификациялау дәлділігінің критерийлеріне сәйкес алынған нәтижелер идентификациялау дәлдігін көрсетті: Бағалау мәні: 2,300 – 3,000 түрді жоғары ықтималды идентификациялау дәрежесімен – 10 (83,33%) изолят анықталды; 2,000-2,299 – түрдің ықтимал сәйкестендірілуімен тұқымның сенімді сәйкестендіру дәрежесімен 2 (16,67%) изолят анықталды.

Антимикробтық белсенділігі бойынша *Staphylococcus aureus* ATCC-6538 тест-штаммына *L. rhamnosus* 1/9 (22,0±0,00), *L. rhamnosus* 2 (30,0±0,81), *L. rhamnosus* 7 (27,0±0,00), *L. plantarum* 8 (29,0±0,00), *L. paracasei* 7/1 (33,0±0,00), *L. paracasei* 5 (20,0±0,14), *L. fermentum* 38/1 (34,0±0,00), *L. acidophilus* 1 (35,0±0,11) изоляттары жоғары белсенділікті, ал изоляттары *L. rhamnosus* 5 (16,0±0,00), *L. rhamnosus* 2 (17,0±0,14) орташа айқын белсенділікті көрсетті. *Escherichia coli* ATCC-25922 тест-штаммына *L. rhamnosus* 7 (22,0±0,00), *L. plantarum* 8 (39,0±0,00), *L. paracasei* 7/1 (24,0±0,00), *L. paracasei* 17 (20,0±0,14), *L. acidophilus* 1 (33,0±0,00) изоляттары жоғарғы белсенділікті көрсетті, қалған изоляттарда әлсіз белсенділік айқындалды. *Bacillus subtilis* ATCC-6633 тест-штаммына қарсы келесі изоляттарда жоғарғы белсенділік айқындалды: *L. fermentum* 38/1 (20,0±0,00), *L. paracasei* 7/1 (26,0±0,11), *L. paracasei* 17 (20,0±0,11), *L. rhamnosus* 1/9 (31,0±0,14), *L. rhamnosus* 2/5 (25,0±0,00). *L. paracasei* 5 (18,0±0,00), *L. rhamnosus* 2 (15,0±0,00), *L. acidophilus* 1 (19,0±0,11) изоляттары орташа белсенділік көрсетті. *Candida albicans* ATCC-885-653 тест-штаммына қарсы *L. rhamnosus* 7 (25,0±0,00), *L. plantarum* 8 (27,0±0,00) изоляттарында жоғарғы белсенділік айқындалды, ал *L. paracasei* 7/1 (15,0±0,00), *L. acidophilus* 1 (16,0±0,00) изоляттары орташа белсенділік көрсетті.

**Қорытынды:** *Candida albicans* ATCC-885-653 тест-штаммына қарсы әлсіз саңырауқұлаққа қарсы белсенділік байқалады, бұл олардың қорғаныс факторы ретінде лизоцим өндіруіне байланысты деп пайымдаймыз. Изоляттардың басым көпшілігі грам теріс бактерияға да әлсіз белсенділік көрсетті, бұл олардың жасуша қабырғасының құрылымына және тосқауыл ретінде қызмет ететін үш қабатты сыртқы мембрананың болуына байланысты болуы мүмкін. Қорытындылай келе, біздің жүргізген зерттеулер ұлттық сүтқышқылды «кұрт» өнімі үлгілерінен жоғарғы антимикробтық белсенділігі бар лактобацилла изоляттарын іріктеуге мүмкіндік берді.

#### Қолданылған әдебиеттер

1. Костарева А.В., Оспанова А.К. Пробиотики и пребиотики как основа функционального питания // Вестник Инновационного Евразийского университета. - 2019. - № 2. - С.70-76.
2. Kushugulova A.R., Forslund S.K., Kozhakhmetov S.S., Kairov U.E., et al. The clinical effect of probiotic-containing product on health indicators among a population of Central Asia // Nauka i Zdravookhranenie [Science & Healthcare]. -2020. - Vol. 22(2). - P. 49-60.
3. Жакслыкова С.А., Хабибуллин Р.Э., Яковлева Г.Ю. и др. Антагонистическая активность бактериальных молочнокислых заквасок // Вестник Казанского технологического университета. - 2014. – Т. 17(10). - С. 152-155.
4. Abitayeva G., Bissenova G., Mussabayeva B., Naimanov Y., Tultabayeva T., Sarmurzina Z. Development, quality and safety evaluation of a probiotic whey beverage // Functional Foods in Health and Disease. - 2023. - 13(7). - P. 347-360.
5. ГОСТ 32901-2014. Межгосударственный стандарт молоко и молочная продукция. Методы микробиологического анализа. - Введ. 01.01. 2016 г. М.: Стандартинформ. - 34 с.

6. ОФС.1.7.2.0009.15. Определение специфической активности пробиотиков. / Государственная фармакопея Российской Федерации XIII издание. Москва, - 2015. - Том II. – 1004 с.

7. Schulthess B., Bloemberg G.V., Zbinden R., et al. Evaluation of the bruker MALDI biotyper for identification of Gram-positive rods: Development of a diagnostic algorithm for the clinical laboratory // Journal of Clinical Microbiology. - 2014. – Vol. 52(4). – P. 1089-1097.

8. Bohora A.A., Kokate S.R., Khedkar S., et al. Antimicrobial activity of probiotics against endodontic pathogens:A preliminary study // Indian Journal of Medical Microbiology. - 2019. - Vol. 37(1). - P. 5-11.

**Рзыкова М.Е.,** Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, биология-география факультеті, ЭК-22 2к, тобы білім алушысы

Ғылыми жетекшісі — аға оқытушы Кыздарова Д.К.

## ЖАЙЫЛЫМДЫҚ ШАЛҒЫНДЫ БИОЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ

Шалғындар жердің шөпті жамылғысының түріне жатады. Шалғын-көп немесе аз жабық шөпті құрайтын көпжылдық шөпті мезофиттердің ұзақ өсетін (жазғы үзіліссіз) өсімдіктер қауымдастығы. Жайылымды шалғындар арзан және биологиялық тұрғыдан жақсы жемнің маңызды көзі болып табылады. Олар жайылым ретінде кеңінен қолданылады. Алайда, жайылымдық шалғындардың бүгінгі өнімділігі олардың әлеуетті мүмкіндіктеріне сәйкес келмейді [1-3].


Қазіргі уақытта зерттеуші ғалымдар фитоценоздардағы өсімдіктердің құрылымын талдауға көп көңіл бөледі, өйткені оны зерттеу фитоценодикалық қатынастарды анықтауда үлкен теориялық және практикалық маңызы бар

Біздің зерттеулеріміздің объектілері Бұқаржырау ауданынан 230-260 км шақырым қашықтықта орналасқан «Сұңқарқия» өңірінің орман маңы, жазық далалық, жайылымдық және шоқылар беткейлері мен аралықтарындағы жазық фитоценоздары болды.

Далалық жұмыс барысында өсімдіктерге биоэкологиялық сипаттама беру Б.А. Быковтың және В.М. Понятовскийдің әдістері бойынша жүргізілді [3-4].

Сұңқарқия өңірінде жүргізілген зерттеулер нәтижесінде фитоценозда (орман жиегі жазық жайылымдар) 15 тұқымдасқа жататын 45 түр тіркелді. Ең көп таралған *Asteraceae* тұқымдасы (14 түр) және *Poaceae* тұқымдасы (9 түр), сондай-ақ *Labiatae*, *Fabaceae*, *Ranunculaceae*, *Rosaceae*, *Umbelliferae* және *Plantaginaceae*, *Scrophulariaceae* (әрқайсысынан 7-8 түрден). Ең аз таралған түрлерге мына тұқымдастар: *Campanulaceae*, *Valerianaceae*, *Hypericaceae*, *Urticaceae*, *Solanaceae* тұқымдастары (2-3 түрден) болды.

Бірлестіктердегі өмір сүру формаларын зерттеу нәтижелері 1-суреттен көрініп отырғанымыздай, бұл биотопта гемикриптофиттер басым (69%), яғни жылдың қолайсыз кезеңдерінде өсімдіктің негізіне дейін солатын өсімдіктер, ал олардың өсу конустары топырақ бетінің деңгейінде болады. Олар катал қысты жақсы өткізеді. Бұл топқа осы биотопта мол кездесіп отырған астық тұқымдасының көптеген түрлері кіреді. Сол сияқты одан кейінгі үлес геофиттер тобына тиесілі (13,8 %). Ең аз кездескендері гемитерофиттер (3,4%) болды.




1 сурет. Бірінші фитоценоздағы өсімдіктердің өмір сүру формалары

Зерттелген бірлестіктердегі өсімдіктердің жарыққа деген қатынасы. бойынша орманның шетінде фотофильді өсімдіктер басым, олар барлық түрлердің 69% құрайды (2 сурет). Жарықсүйгіш өсімдіктермен салыстырғанда көлеңкеге төзімді түрлер біршама аз (31%) кездесті. Бұл өсімдіктердің қалыпты дамуы мен өсуіне қажетті күн сәулесі мен жылудың көптігіне байланысты. Көлеңкеге төзімді түрлер негізінен шалғындық бірлестіктердегі орман шекарасына қарай кездеседі, онда олар күндіз ағаштардың көлеңкесінде болады немесе күн сәулесінің жеткілікті мөлшерін алады.



2 – сурет. Биотоптағы өсімдіктердің жарыққа қатынасы

Фитоценоздағы өсімдіктердің трофизмге деген қатынасы бойынша алынған деректер 3-суретте келтірілген.



3–сурет. Биотоптағы өсімдіктердің топырақ құнарлылығына қатынасы

Өсімдіктердің топырақ құнарлылығына қатынасы бойынша зерттеу нәтижелерінен байқағанымыздай мезотрофтар басым (55,2%) болды, олар топырақтағы қоректік заттарды аса қажет етпейді және де тек құнарлы топырақта ғана емес, құнарлылығы төмен топырақтарда да талғамай өсе алады. Мегатрофтар – олар тек құнарлылығы жоғары топырақтарда өсетін өсімдіктер - 37,9%, ал топырақ құнарлылығына мұқтаж емес өсімдіктер яғни олиготрофтар - 6,9% құрады.

Сонымен, зерттеу нәтижесінде тұтастай алғанда орман маңындағы жайылымдық қауымдастықта өсетін шөптесін өсімдіктер үшін жағымды жағдайлар қалыптасқаны көрініп тұр. Орманның жақын орналасуы температураның біркелкі болуына және ылғалдану режиміне ықпал етеді. Түрлердің құрамында әдеттегі шалғынды өсімдіктер басым (жусан, қоңыраубас, мыңжапырақ, ащы жусан, қабысқан гүлкекіре, кәдімгі сары қалуен, қос үйлі мысықтабан және т. б.), бірақ орман өкілдері де кездеседі (қалақай,



орман бүлдіргені және т.б.), бұл осы аймақтың аздаған қайыңды қарағайлы орманымен көршілес болуының салдары деп түсінеміз.

**Әдебиеттер тізімі:**

- 1 Справочник по сенокосам и пастбищам. Учеб. пособие. М., 2003. 325 с.
- 2 Бажа С.Н., Баясгалан Д., Гунин П.Д., Данжалова Е.В., Дробышева Ю.И., Казанцева Т.И., Прищепа А.В., Хадбаатар С. Особенности пастбищной дигрессии степных экосистем Центральной Монголии // Бот. журн. 2008. Т. 93. № 5. С. 657–681.
- 3 Ахметжанова А.І., Мыңбаева Р.О., Әуелбекова А.К. Халық медицинасында пайдаланатын Орталық Қазақстанның дәрілік өсімдіктер және олардың таралуы // Вестник КарГУ. - 2002. - №1. -С. 70-75.
4. Ахметжанова А.И., Жахав Б.Т., Қыздарова Д.Қ. Распространение и запасы *Patrinia intermedia* (Hornem.) Roem.et Schult. в некоторых районах Каркаралинского горно-лесного массива. // Вестник КарГУ - 2013. - №1(69).-С. 23-29.

**Токишова М.М.**, Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова, биолого-географический факультет, гр М-БТ-22-1к, магистрант  
**Амангельдина А.А.**, Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова, биолого-географический факультет, спец. гербарного фонда  
*Научный руководитель – к.б.н., ассоциированный профессор Тлеукунова С.У.*

## **ОЦЕНКА ЖИЗНЕСПОСОБНОСТИ СЕМЕННОГО МАТЕРИАЛА *GENTIANA PNEUMONANTE* ПОСЛЕ ПРИМЕНЕНИЯ КРИОПРОТЕКТОРОВ**

Сохранение биологического разнообразия растений это одна из важнейших задач в деле охраны природы, которой сейчас уделяют большое внимание во всем мире.

В настоящее время долговременное хранение растительного материала в виде семян считается одним из самых распространенных и эффективных способов сохранения большинства видов растений. Создание банков семян имеет значительные преимущества по сравнению с другими методами сохранения растений [1].

Криосохранение имеет существенные преимущества по сравнению с остальными методами. При сохранении в глубоко замороженном состоянии полностью прекращается обмен веществ, отсутствуют значительные физико-химические молекулярные изменения не только в клетке, но и в окружающей водной среде [2].

Объектом исследования является семенной материал *Gentiana Pneumonante*, собранный в горах Каркаралы.

Замораживание семян *Gentiana pneumonante* осуществлялось в криобиологическом сосуде Дьюара, заполненным жидким азотом, имеющим температуру  $-196^{\circ}\text{C}$ . Заморозка семян проводилась в пластиковых пробирках.

